

№14- тәжірибелік сабақ. Антиглобализм

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін жахандану ұғымының танымын жасап, халықаралық саясатпен арасындағы байланысты шеше алады. Саясаттың ұлыстануы. Халықаралықтануы, трансұлттық немесе жахандануын түсіндіре алады. Жахандану үдерісінде супер индивидтер, ТНК, жахандық үкіметтік емес ұйымдар, және мемлектер арасындағы байланысты зерделей алатын білім мен қабілетке ие болады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Антиглобализм, әдем азаматы, трансұлттық, халықаралық жүйе, өзара тәуелділік, ТНК, жахандық үкіметтік емес ұйымдар, жахандық ауыл, Вестфалия бітімі туралы мағлұмат пен қабілетке ие болады

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас

Бастапқыда антиглобализм халықаралық ұйымдар кездесулерінде әлеуметтік қозғалыстар түрінде көрініс тапты. 1999 жылдан бастап айқын көріне бастады. Ортақ басқару органы жоқ, өздігінен пайда болған қозғалыс, жаңа бүкіләлемдік қоғамдық ұйымды білдіреді. Әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың, сондай-ақ солшыл бағыттағы саяси ұйымдардың ортақ жиынтығын көрсетеді. Оның құрамына кәсіподақтық, әйелдер, жастар, экологиялық, пацифистік және басқа да үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялар кіреді.

Бейресми байланыстарын интернет арқылы жүзеге асырады. Бастапқыда антиглобализм халықаралық ұйымдар кездесулерінде әлеуметтік қозғалыстар түрінде көрініс тапты. 1999 жылдан бастап айқын көріне бастады. Ортақ басқару органы жоқ, өздігінен пайда болған қозғалыс, жаңа бүкіләлемдік қоғамдық ұйымды білдіреді. Әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың, сондай-ақ солшыл бағыттағы саяси ұйымдардың ортақ жиынтығын көрсетеді. Оның құрамына кәсіподақтық, әйелдер, жастар, экологиялық, пацифистік және басқа да үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялар кіреді. Бейресми байланыстарын интернет арқылы жүзеге асырады. Қозғалысқа қатысушылардың пікірінше, әлемге "жоғарыдан" таңылған дамудың қазіргі жолы тығырыққа тірейді, қазіргі әлемде дұшпандық пен әділетсіздікті күрт күшейтеді, жеке тұлғаны жаншиды, сондықтан да олар дамудың баламалы, адамгершілікті жолын ұсынады. Бұл едәуір әлеуметтік тең, техникалық және экономикалық қырынан прогрессивті, бәрінен де адамгершілікке толы әлем диалог арқылы, бірлесіп іздену арқылы, теориялық зерттеулер мен бүкіл әлемнің жұмыла әрекет етуінің нәтижесінде орнатуды ұсынады. Баламалы қозғалыстың теориялық постулаттары қалыптасу және өзгеріс үстінде. Оларды жасауда бірқатар Нобель сыйлығының лауреаттары және И. Валлерстайн, С. Амин сынды атақты ғалымдар қатысуда. Антиглобализм бір орталыққа бағынатын бюрократиялық пирамида ретінде емес, өзара қиылысатын қозғалмалы желілер мен қоршаған ортаны сақтау үшін, иммигранттар құқын қорғау, жұмысшы орындарды сақтау, қаржылық алып-сатарлықты ауыздықтау, соғыстарды тоқтату, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы үшін күресетін тұлғалардың жиынтығынан қалыптасты.

Антиглобализм бұрынғы әлеуметтік қозғалыстармен, әсіресе, кәсіподақтық, солшыл партиялармен тығыз байланыста. Осылайша, антиглобалистер қозғалысын биліктің аса маңызды тетіктері бағындырылатын ғаламдық билік механизміне қарсы қозғалыс ретінде қарастыруға болады: жаппай қырып-жою қаруларын бақылайтын әлемде теңдесі жоқ әскери-саяси машиналар,

бұқара-лық ақпарат құралдары, негізгі халықаралық саяси институттар. Биліктің бұл тетігі жаһандану субъектілері біртұтас күшке (іштей қарама-қайшылықты) айналдыратын ойын ережелерін жасайды. Бұл ғаламдық номенклатура бәрін демократия деген желеумен әлемдік саясат пен экономиканың негізгі шешімдерін анықтайды. Нарықтық фундаментализм ақшаны қоғам өмірінің шешуші факторына айналдырады, адам өмірі мен адамды адамгершілік құндылықтарынан айырып, жабайы қалыпқа түсіреді. Негізгі әлеуметтік қайшылықтар бір жағынан күшті халықаралық капитал, екінші жағынан - жалданбалы жұмысшы күші, соңғысы кәсіподақ түріндегі (мафиоздық құрылымдар жайлап алған) әлеуметтік қорғаудан және жерді, капиталды, еңбекті қорғауда рөлі күрт төмендеген мемлекеттен айырылды.

Антиглобализмнің әрекетінің негізгі бағдарламасы мыналарды шамалайды:

- Ұлттық және әртүрлі елдерде неолибералды күштердің белең алуына, азаматтардың әлеуметтік құқықтарының жаппай тапталуына қарсы күштердің ынтымақтасуын;
- "Ойыншылар" ықпалдасуының жаңа түріне, яғни, ТҰК, БСҰ, НАТО сынды жабық бірлескен құрылымдардың емес, халықтардың, азаматтардың және олардың шынайы демократиялық қалыптасқан өкілдіктерінің ықпалдастығына өту;
- Шешім қабылдаудың барлық деңгейін демократизациялауды түбегейлі реформалау; барлық деңгейдегі - бірлескен жергілікті деңгейден БҰҰ-на дейін - демократиялық құрылымдағы органдарға басымдық беру;
- Қаржылық және нарықтық құрылымдарға демократиялық бақылау орнату, қаржылық алып-сатарлыққа арнайы салық жүйесін - "Тобин салығын" енгізу, ол әлемге ондаған жылдар бойы кедей елдердің мәселелерін шешуге септігін тигізер едәуір қаржы берер еді;
- "Үшінші әлем" қарыздарын жою;
- Әлемдегі кедей аймақтарды қаржылай қолдау мәселелерін демократиялық жолмен шешу (ХВҚ, Ойын банкілерінің қызметін демократиялық бақылауға алу);
- Халықаралық экономикалық қатынастардың барлық қырларын демократиялық реттеу (сауда "ережелерін", капиталдар қозғалысын, жұмысшы күшін), еңбек, табиғатты пайдалану, адамның әлеуметтік және өзге де құқықтарын қорғау саласында халықаралық стандарттарды қамтамасыз ететін міндетті заңдық күші бар ТҰК қызметін бақылау ережелерін жасау және енгізу;
- Біркелі (ең болмағанда келісілген) ұйымдастыру және еңбек ақы төлеу, әлеуметтік қамсыздандыру (әр елдер мен аймақтардағы еңбеккерлердің табыс мөлшерін біртіндеп теңестіру мақсатында) ережелерін жасау;
- Ықтиярсыз еңбек еткізуге, жұмысшыларды ұлттық және өзге белгілеріне қарай кемсітушілікке, иммигранттарды қосалқы жұмыстарға шегуге тыйым салу;
- Біркелкі экологиялық ережелер енгізу, әртүрлі елдердің арасында қоршаған ортаны ластаған ауыртпашылықты көтеруді теңдей бөлу;
- Ең болмағанда әлеуметтік нарықтық экономика қағидаттарын дамытуға талпынатын, әрі кеткенде ықпалдасудың посткапиталистік үлгісін беретін ықпалдасудың баламалы жолын ұсыну;
- Әлемдік байлықты жер бетіндегі тұрғындардың кедейленген бөлігінің пайдасына қайта бөлетін (бірінші кезекте ТҰК және басқа да ірі корпоративтік құрылымдар табыстарын) тұрақты әрі кепілді жүйесін құру;
- "Ғаламдық ойыншылардың" жаңалықтар мен қазіргі білімге монополиясын жою;
- Дамушы елдердегі қазіргі білімнің, жоғары технологиялардың, негізгі және қолданбалы ғылымдардың, ұлттық мәдениеттердің дамуына ақысыз көмек көрсету;
- Халықтардың "төменнен" ерікті және әділетті ықпалдасуы;

- Байырғы, түпкілікті халықтардың өзіндік тіліне, білім беру жүйесіне, мәдениетіне құқын мойындау және заңмен бекіту;
- Мәдениеттердің, дәстүрлердің, құндылықтардың әркелкілігін қолдау;
- Халықаралық қарым-қатынаста аз халықтардың жетістіктері мен құндылықтарын қолдану әрі сыйлау;
- Қалпынан тыс кернеп кеткен халықаралық еңбек бөлінісін жеңіп шығуға септігін тигізетін қазіргі тиімділігі жоғары өндірістерді дамыту, жаһанданудың жағымды баламасын ұсыну.

Деңгейлік тапсырмалар:

- 1- **деңгейдің сұрақтары.** Жаһанданудың адамзат тарихындағы алғашқы көріністеріне мысал келтіріңіздер.
- 2- **деңгейдің сұрақтары.** Жаһанданудың салдарларына сараптама жасаңыздар.
- 3- **деңгейдің сұрақтары.** Қазақстан Республикасы және жаһандану үрдістері деген тақырыпта пікір-талас өткізіңіздер.

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатқа қатысты көзқарастар және жаһандану мәселерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер.

ОБӨЖ тапсырмалары: Жаһанданудың салдарларына сараптама жасаңыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.

- 4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: İletişim Yayınlar